



2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 2 қыркүйектегі № а-09/278 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 қыркүйекте № 5550 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бұланды ауданы әкімінің орынбасары Б.Ш. Тасылбековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады

Аудан әкімі

Қ.Испергенов

Бұланды ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 2 қыркүйектегі
№ а-09/278 қаулысымен
бекітілген

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері

Мектепке дейінгі мекемелері	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу мекемелеріндегі тәрбиеленушілер саны		Бір айдағы мектепке дейінгі мекемелерде жан басына шаққандағы қаражаттың мөлшері (теңге)		Бір айдағы бір тәрбиеленушіге орташа шығындар құны (теңге)		Бір айдағы мектепке дейінгі мекемелерде ата-ананың төлейтін мөлшері (теңге)	

мекеменнің түрі	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
Балабақша	743	0	23870	0	23870	0	8200	0
Толық күнмен болатын шағын орталық	367	0	16922	0	16922	0	8200	0
Толық емес күнмен болатын шағын орталық	23	0	8461	0	8461	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК